



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

04.11.2025 жыл

№ 7, 4-т.

Кәсіподақ органдарының жасанды интеллектіні (ЖИ) жаһандық енгізу дәуіріндегі міндеттері және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясымен әзірленген жасанды интеллект дәуіріндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандартын ілгерілету туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподағы төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровтың «Кәсіподақ органдарының жасанды интеллектіні (ЖИ) жаһандық енгізу дәуіріндегі міндеттері және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясымен әзірленген жасанды интеллект дәуіріндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандартын ілгерілету туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Кәсіподақтың Атқару комитеті **атап өтеді:**

Ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» (2025 жыл) жасанды интеллект (ЖИ) Қазақстанның технологиялық және экономикалық дамуының стратегиялық бағыты ретінде белгіленген.

Президент ЖИ-дің ұлттық экожүйесін – кадрлар даярлау мен ғылыми орталықтардан бастап, ЖИ-ді экономика мен мемлекеттік басқаруға енгізуге дейінгі қажеттілігін атап өтті. Бүгінгі таңда Қазақстан жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын экономика мен білім беруге жүйелі түрде енгізіп жатқан алғашқы елдер қатарына кіреді.

ЖИ білім беру процесінде белсенді қолданылуда – оқу материалдарын дайындауға, үлгерімді талдауға, оқытудың жеке траекторияларын қалыптастыруға көмектеседі. Қазірдің өзінде мектеп оқушылары ЖИ негіздерін оқып, студенттер машиналық оқытуды және болашақтың цифрлық құралдарын меңгеруде.

Алайда, осы мүмкіндіктермен бірге ЖИ-ді енгізу елеулі қауіптерді де алып келеді: педагогтың рөлін жекесіздендіру, цифрлық кемсітушілік, жұмыс орындарынан айырылу қаупі, жеке өмірге қол сұғу және дербес деректерді бұзу.

Бұл сын-қатерлерге тек бір жолмен жауап беруге болады – цифрлық трансформацияның орталығына адамды қою.

Бұл идеяға Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы әзірлеген және Орталық Азия елдері кәсіподақтарының Кеңесінде қабылданған ЖИ дәуіріндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандарты арналған.

Стандарттың негізіне келесі қағидаттар енгізілген:

- Адам – технологиялар орталығында. Алгоритмдер ауыстырудың орнына көмектесуі тиіс.

- Адам құқықтары – сөзсіз. Жасы, цифрлық дағдылары, әлеуметтік жағдайы теңсіздікке негіз бола алмайды.

- Ашықтық және жауапкершілік. Қызметкерді ЖИ қалай бағалайтынын білуге және жүйенің шешімдеріне дау айтуға құқылы.

- Қауіпсіздік және жеке өмір. Цифрландыру толық бақылауға айналмауы тиіс.

- Әлеуметтік диалог. Тек бірлескен шешім қабылдау ғана технологиялық өзгерістерді әділ етеді.

Еңбекшілердің құқықтарын қамтамасыз ету үшін ЖИ-дің ұлттық экожүйесін құру кәсіподақтардың міндетті түрде қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүшелік ұйымдардың басшы органдарына:

- Президент Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» негізгі ережелерін еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмысын жалғастыру;

- Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы әзірлеген, кәсіпорындарда жасанды интеллект енгізу кезіндегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау стандартының қағидаттарын зерделеуді және ілгерілетуді ұйымдастыру;

- Қорғау функциясының тиімділігін арттыру, барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары жұмысының күнделікті мәселелерін шешуде жеделдікті қамтамасыз ету үшін ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануды қамтамасыз ету;

- Құрылған әлеуметтік әріптестік жүйесі шеңберінде жұмыс берушілер ЖИ қолданатын басқару жүйелерін енгізген кезде әлеуметтік әріптестік тараптарының міндетті түрде консультация беруін және келісуін қамтамасыз ету.

2. Кәсіподақ басшылығы (А.М. Мукашева, В.Ф. Беженаров) **2026 жылғы 1 қаңтарға дейінгі** мерзімде кәсіподақ органдарының жұмысына ЖИ енгізу бағдарламасын: «Идеядан міндеттерді ауқымдауға дейін қадам сайын» әзірлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мукашева